ӘДЕБИЕТ (қазақ)

(Пән: Қазақ әдебиеті - 10-сынып)

1.Он жасыма келген соң,
Домбыра, гармонь білген соң.
Шеберлікке бет қойдым,
Сурет салып, түр ойдым, - деп өзін таныстыратын ақын
A) Шәкәрім
B) Біржан
C) Мағауия
D) Көкбай
E) Қашаған

2. «Зар заман» әдебиетінің өкілі
A) Үмбетей
B) Бұқар
C) Мұрат
D) Ақан
E) Ыбырай

3. Метафора дегеніміз
A) айқындау
B) теңеу
C) шендестіру
D) ауыстыру
E) меңзеу

4. «Үш қиян» толғауы кімдікі
A) Қазтуған
B) Мұрат
C) Шортанбай
D) Мәди
E) Шәкәрім

5. Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз.
Сауыт киер ме екенбіз.
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Жау қашырар ма екенбіз. Үзінді кімдікі
A) Қазтуған
B) Ақтамберді
C) Шалкиіз
D) Көтеш
E) Жанкісі

6. Соқса бір жілік сындырған
Көк қоянның қос құлағын тұндырған.
Көгілдірдің жез қанатын сындырған.

Тегеурінді болат темірдің
Тегеуріні өзіңсің. Толғау кімге арналған
A) Абылайға
B) Баймағамбетке
C) ер Шонанға
D) би Темірге
E) Сырым батырға

7. «Толғау» сөзінің мағынасы
A) термелеу
B) жырлау
C) жатқа айту
D) ауызша айту
E) сұрақ-жауап

8. «Сарыарқа» толғауы кімдікі
A) Қазтуғандікі
B) Ақтамбердінікі
C) Шалкиіздікі
D) Шортанбайдікі
E) Мұраттікі

9. «Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан, мал күйлі болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумал көлге жағалай ауылдар қонып, былтырғы жұрттарына үй тігіп, көп ұзамай бие де байлады. Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастаған» деп басталатын қай шығарма
A) «Қалың мал»
B) «Ақбілек»
C) «Бақытсыз Жамал»
D) «Шұғаның белгісі»
E) «Қамар сұлу»

10. Қамажай, Омар, Темірбек қай шығарманың кейіпкерлері
A) «Әпке»
B) «Қанапия-Шәрбану»
C) «Айша»
D) «Күлпәш»
E) «Бір атаның балалары»

11. «Куба әсерлері», «Ұшқан ұя» шығармаларының авторы
A) Қ.Қайсенов
B) С.Мәуленов
C) Б.Момышұлы
D) Қ.Аманжолов
E) Ә.Сәрсенбаев

12. «Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті

менің әкем Момыналы екен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі еді» деп басталатын үзінді қай шығармадан алынған

A) «Шырағың сөнбесін»
B) «Ұшқан ұя»
C) «Өмір мектебі»
D) «Алтын аймақ»
E) «Әке»

13. «Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеп бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып оқшау тұрған жалаңаш тау көрінеді. – Анау Ипан тауы ғой, - деді жас жігіт қамшысымен нұсқап. Жас жігіттің даусы аңсағанын көргендей қуанышты шықты» деп басталатын шығарма қай қаламгерден алынған

A) Т.Ахтанов. «Күй аңызы»
B) Т.Ахтанов. «Шырағың сөнбесін»
C) С.Мұқанов. «Өмір мектебі»
D) С.Мұқанов. «Алтын аймақ»
E) Т.Әбдік. «Әке»

14. Бұ қоныс – жеті жұрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай,
Біз түгіл осыларды да алған қоныс. Үзінді қай толғаудан алынған

A) «Үш қиян»
B) «Зар заман»
C) «Бала зары»
D) «Сарыарқа»
E) «Қаратау»

15. Мұрат ақынмен айтысқан:

A) Ізім
B) Сырым
C) Біржан
D) Сара
E) Қанай

16. Мөлдірейді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә.
Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман
Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам.
Қанша шырша өсті екен, құлады екен
«Жетім көлге» қарауға шаршамаған. Үзінді қай поэмадан алынған

A) «Аққу сазы»
B) «Аққулар ұйықтағанда»
C) «Аққулы көл»
D) «Жалғыз аққу»
E) «Аққудың айырылуы»

17. «Қорқыт Ата кітабының» неше нұсқасы бар

A) 2
B) 3
C) 4
D) 5
E) 6

18. «Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы хикая», «Бамсы Байрақ туралы хикая» қай еңбекте кездеседі
A) «Диуани хикмет»
B) «Даналық кітабы»
C) «Қорқыт Ата кітабы»
D) «Диуани лұғат ат түрк»
E) «Құтадғу біліг»

19. Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар. Әр тармақта неше бунақ, неше буын бар
A) 2 бунақ, 7 буын
B) 2 бунақ, 8 буын
C) 3 бунақ, 7 буын
D) 3 бунақ, 8 буын
E) 4 бунақ, 7 буын

20. «Құрастыру, қиыстыру» деген мағынаны беретін ұғым:
A) сюжет
B) фабула
C) композиция
D) мәтін
E) идея

21.Новелла жанры дегеніміз:
A) тосын шешіммен аяқталатын жанр
B) оқиғаның бірінші жақтан баяндалуы
C) сюжеттің екінші жақтан баяндалуы
D) ұзақ әңгіме
E) өлең түріндегі жанр

22.Есеней, Торсан, Біжікен қай шығарманың кейіпкерлері
A) «Абыл»
B) «Сарыарқаның кімдікі екендігі»
C) «Ұлпан»
D) «Айша»
E) «Күнікейдің жазығы»

23.Сюжеттен тыс тұратын элемент
A) бейнелілік
B) шешім
C) лирикалық шегініс
D) тартыс
E) эпилог

24.Біреудің күлкісін көріп,
Бақыттың түр-түсін көріп,
Шаттанып қалған шағымда
Жеткендей арман-сағымға,
Алдыңнан күлімдеп келем. Үзінді қай ақыннан алынған
A) Ф.Оңғарсынова
B) Т.Молдағалиев
C) О.Асқар
D) М.Мақатаев
E) Ж.Молдағалиев

25.Биікте тұрған таулар да мынау сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.
Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай. Өлең үзіндісінің авторы
A) Ж.Нәжімеденов
B) Т.Молдағалиев
C) Ұ.Есдәулет
D) Т.Айбергенов
E) Ә.Сәрсенбаев

26.«Мынау алдымыздағы үлкен көл «Қарымсақты» ғой: осының сол жағын ала жүріп, ана көрінген Обаның белесінен тура ассақ, алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып Шұғаның белгісінен қара жолды қиып өтеміз». Үзінді қай жазушыдан алынған
A) Б.Майлин
B) С.Мұқанов
C) С.Мұратбеков
D) Д.Исабеков
E) А.Кемелбаева

27. «Көлденең жатқан Жайықтың күншығыс бетіндегі маң даланы малына өріс, жанына қоныс етіп, қиыр жайлап, шет қонып жүрген көшпенді елге бір ұзынқұлақ хабардың тарағанына көп болған-ды». Үзінді қай қаламгердің шығармасынан алынған.
A) Қ.Мұханбетқалиұлы
B) С. Сматаев
C) Қ.Жұмаділов
D) Ә.Кекілбаев
E) О.Бөкей

28. Ислам дәуірі әдебиеті қай кезеңді қамтиды
A) V-VII ғғ.
B) VII-VIII ғғ.
C) IV-V ғғ.
D) IX-X ғғ.
E) X-XII ғғ.

29. Адамды Хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.
Көңіл берді, әрі тілін тербетті,

Ұят берді, берді құлық, келбетті ... Қай шығармадан алынған
A) «Құтты білік»
B) «Күлтегін»
C) «Диуани лұғат ат түрк»
D) «Даналық әліппесі»
E) «Ақыл кітабы»

30. «Шыңғыс хан үлкен хақан болғанда тап басы бектерге ұран, құс, ағаш, таңба беріпті. Сонда Ұлы жүздің Майқы биіне: «Ұраның – салауат, құсың – бүркіт, ағашың – қарағаш, таңбаң – сүргі болсын», - депті. Үзінді қай еңбектен алынған
A) «Түрік, қырғыз hәм хандар шежіресі»
B) «Тауарих хамса»
C) «Құтадғу біліг»
D) «Шежіре»
E) «Тарих»

31. Бай құрып, бақсы азады,
Кен көбейіп, бейшара озады.
Қу моладан үйің болады,
Қу баладан биің болады. Қай бидің болжауы
A) Төле би
B) Әйтеке би
C) Мөңке би
D) Қазыбек би
E) Бала би

32. «Шартарап» сөзінің мағынасы
A) айнала
B) кезең
C) дәуір
D) уақыт
E) ғасыр

33. Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа.
Тақыт берді астыңа.
Отыз жасқа келгенде,
Дүниеге кең едің, - деп басталатын толғау кімдікі
A) Ақтамберді
B) Бұқар
C) Үмбетей
D) Қазтуған
E) Қорқыт

34. «16 жасқа келгенде түсіне бір қария кіріп: «Өлең аласың ба, көнек аласың ба»,- деп сұраған екен. Сонда «Атам Қожағұлдың бір жарым мың жылқысы бар, маған өлең керек», - депті. Мұны айтқан кім
A) Ақан
B) Сегіз сері
C) Біржан

D) Ыбырай
E) Мәди

35. Ұшырған тәрбиелеп ақтұйғынмын,
Матайдың Қаракерей сеңгірінен.
Даусыма аспандағы құс айналар,
Құбылып тотықұстай төңкерілген. Үзінді қай ақыннан
A) Жаяу Мұса
B) Сегіз сері
C) Ыбырай
D) Біржан
E) Мәди

36. «Жабы» сөзінің мағынасы
A) жылқының тұлпары
B) жылқының нашары
C) құстың сұңқары
D) құстың нашары
E) түйе

37. Мен, мен едім, мен едім,
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім,
Бір қазақпен тең едім. Қай ақыннан алынған
A) Шернияз
B) Баймағамбет
C) Махамбет
D) Дулат
E) Нұрым

38. «Тәңірі», «Шона батыр», «Абылай» еңбектерінің авторы
A) Шоқан Уәлиханов
B) Ыбырай Алтынсарин
C) Шәкәрім Құдайбердіұлы
D) Мұхтар Әуезов
E) Қошке Кемеңгерұлы

39. «Саяхатымызға айдан асқанда, мамырдың 28-жаңасында алғаш рет сона мен масаны кезіктірдік. Санташтан көлге қарай құлдилағанда күн ысиын деді. Айтуларына қарағанда, көлдің айналасы ұдайы ыссы. Сондықтан жаңбыр сұрауға тура келеді». Үзінді Ш.Уәлихановтың қай еңбегінен алынған
A) «Қырғыздар туралы жазбалар»
B) «Қашқарияға саяхат»
C) «Ыстықкөл сапарының күнделігі»
D) «Манас»
E) «Абылай»

40. «Біз екеу едік. Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Жолдасым отыз-

қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал-мұрты бар». Үзінді қай шығармадан алынған

A) «Күнікейдің жазығы»
B) «Тар кезең»
C) «Айша»
D) «Шұғаның белгісі»
E) «Майдан»

41. «Арызымызды айтып кел деген жұрт асқақтай сөйле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген бар ғой. Міне, айыбым! – деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді». Үзінді қай қаламгердің шығармасынан алынған

A) А.Кемелбаева. «Шашты»
B) С.Сейфуллин. «Айша»
C) Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан»
D) Б.Майлин. «Шұғаның белгісі»
E) Ж.Аймауытов. «Күнікейдің жазығы»

42. Б.Майлиннің драмалық шығармасы

A) «Майдан»
B) «Күлпәш»
C) «Күлтай болыс»
D) «Қаракөз»
E) «Елес»

43. І.Жансүгіровтің қай өлеңі аталған

A) «Тәңір»
B) «Гималай»
C) «Абыл»
D) «Кавказ»
E) «Өзен»

44. Атты айттық жоғарыда бір Көктұйғын,
Әкелген асқа Батыраш сол жүйрігін.
Қағатын қанаттыны өрен жүйрік,
Қоймаған қырдан жылқы бұл бір қырғын. Үзінді І.Жансүгіровтің қай шығармасынан

A) «Күй»
B) «Күйші»
C) «Құлагер»
D) «Дала»
E) «Гималай»

45. «Кенесары-Наурызбай» жыры кімдікі

A) Шернияз
B) Нысанбай
C) Махамбет
D) Шәкәрім
E) Ақылбай

46. «Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда сол елдің ... биіне кез келеді. Сырым мен ... би көп әңгімелеседі. Үгітті қандай адамға, ақылды қандай адамға айту керек? – дейді ... би. Көп нүктенің орнына бидің есімін қойыңыз

A) Төле
B) Қазыбек
C) Мөңке
D) Бала
E) Әйтеке

47. Біреудің күлкісін көріп,
Бақыттың түр-түсін көріп,
Шаттанып қалған шағымда,
Жеткендей арман-сағымға,
Қуаныштан дірілдеп денем,
Алдыңа күлімдеп келем. Ұйқастың қай түрі бар

A) шұбыртпалы
B) кезектес
C) егіз
D) шалыс
E) аралас

48. «Қазақта ақын көп. Фариза – жалғыз. Жаңа туған айдың жанында жалғыз жұлдыз ерекше жарқырап тұрады. Періште жұлдыз сияқты». Пікірдің авторы кім

A) Ш.Мұртаза
B) Ә.Кекілбаев
C) С.Жиенбаев
D) Қадыр Мырза Әлі
E) Қ.Жұмаділов

49. Жануар, бітісің де ерек екен,
Сүйегің алқа-салқа бөлек екен
Көргем жоқ, көріп жүріп мұндай атты,
Жүгірсе шаба ма екен, желе ме екен. Қай аттың сипаты

A) Тайбурыл
B) Байшұбар
C) Көккасқа
D) Құлагер
E) Тұйғын

50. «Ханталапай» дегеніміз

A) ұлттық ғұрып
B) ұлттық ойын
C) дәстүрлі жиын
D) хандар кеңесі
E) хан үкімі

51. «Шашты» әңгімесінің авторы

A) А.Кемелбаева
B) М.Омарова

C) Ә.Тәжібаев
D) С.Бөдешұлы
E) Ш.Мұртаза

52. Шығармадағы әрекет, оқиғалардың ең ақырғы шешімі
A) пролог
B) эпилог
C) идея
D) тақырып
E) эпизод

53. Тармақ дегеніміз:
A) төрт жол
B) бір жол
C) екі жол
D) шоғыр
E) бунақ

54.Шендестіру дегеніміз:
A) салыстыру
B) ауыстыру
C) антитеза
D) синтездеу
E) әсірелеу

55. Адамның кескін-келбеті, бет-әлпеті, сыртқы пішіні
A) образ
B) бейне
C) портрет
D) характер
E) мінез

56. Стиль дегеніміз:
A) өмір шындығы
B) жазу шеберлігі
C) тірек сөздер
D) жанр
E) тақырып

57. «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» шығармаларының авторы
A) Ш.Мұртаза
B) Х.Есенжанов
C) Ә.Әлімжанов
D) Т.Әлімқұлов
E) Қ.Жұмаділов

58. Абайдың қай поэмасы аталған
A) «Тоқсанның тобы»
B) «Әзім әңгімесі»

C) «Күйші»
D) «Абыл»
E) «Медғат-Қасым»

59. «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық» деп басталатын Абайдың нешінші сөзі
A) бірінші
B) екінші
C) үшінші
D) төртінші
E) тоғызыншы

60. Ш.Мұртазаның хамса-романындағы тарихи тұлға
A) Ә.Бөкейхан
B) Абылай
C) Т.Рысқұлов
D) М.Дулатов
E) С.Сейфуллин